

Маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 қазандағы N 1072 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Siemens AG компаниясы Астана қаласының пилоттық аймағында мемлекеттік органдар үшін бірыңғай мультисервистік (көліктік) ортаны құру жөніндегі сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді беруші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен 236477000 (екі жүз отыз алты миллион төрт жүз жетпіс жеті мың) теңге сомасында 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 011 "Мемлекеттік қаржының біріктірілген ақпараттық жүйесін құру" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт ж а с а с у д ы ;

тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатының са қ т а л у ы н ;

мемлекеттік органдар үшін құрылатын бірыңғай мультисервистік (көліктік) ортадағы ақпарат қауіпсіздігі жөніндегі арнайы талаптардың сақталуын; осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі